

## 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 ақпандағы № а-2/54 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 наурызда № 6464 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген, 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Б. Нұрпановаға жүктелсін.

3. Осы қаулының әрекеті 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ.Қарауылов*

Бурабай ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы "21" 02  
№ а-2/54 қаулысымен  
бекітілген

## 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	
	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
Бөбек-бақша	200	850	25 365,2	23 315	11000	11000
Мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясындағы бөбек-бақша	0	125	0	24 032	0	11000

Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	440	0	17 931,8	0	10000	0
Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	382	0	8965,9	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ